«Ақмола облысы білім басқармасыныңЕсіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» КММ директор жанындағы кеңесінің

**№1 ХАТТАМАСЫ**

**Күні**: 26.08.2023ж.
**Қатысқандар: 10**
**Қатыспағандар: 0**
**Күн тәртібінде:**

1) 2023-2024 оқу жылына дайындық туралы:
-мамандармен толықтыру.
-сыныптарды комплектілеу.
-оқу жүктемесі.
-сынып жетекшілікті бекіту.
- мұғалімдердің медициналық байқаудан өтуі.
2) «Мектепке жол» атты жалпы республикалық акциясын ұйымдастыру жәнеөткізу жұмыстары.
4) Мектеп оқушыларының оқулықтармен қамтамасыз етілуі.

**Тыңдалды:**
**Күн тәртібінің бірінші** мәселесі бойынша сөз алған ДОІЖО Малигова М. 2023-2024 оқу жылына дайын екені туралы айтты. Ол оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы, Әдістемелік нұсқау хат жыл сайын орта білім беру ұйымдарына жолданатындығы туралы, дәстүрлі түрде бұл хатты педагогтер оқу жылының басында алатыны туралы айтты. Әдістемелік нұсқау хаттың мақсаты - еліміздің білім беру ұйымдарына әдіснамалық және оқу-әдістемелік қолдау көрсететіндігі туралы айтып өтті. Білім беру процесі білім алушыларға бағытталғандықтан оған қолайлы да, қауіпсіз орта құруға негізделуі тиіс екендігі туралы айтты.Қазіргі уақытта мектепке -10 мұғалім қабылданды. Оның ішінде жас маман-2, модераторлар-2, санаты жоқ мұғалімдер-8;
Тарификация комиссиясының шешімімен мұғалімдердің апталық оқу жүктеме сағаттары, факультатив сабақтары, дәптер тексеру жүктемелері бекітілгенін айтты. Сонымен қатар әр сыныпқа сынып жетекшілік бекітілді. Жұмысқа алынған ұстаздардың 100 пайызы медициналық байқаудан өткендігі туралы баяндады.
**Күн тәртібінің екінші** мәселесі бойынша ДТЖО Аюбекова Т.Т. сөз алды. 2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» Республикалық акциясы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында «Мектепке жол» Республикалық акциясы «Мектепке жол –Жақсылықты жасай біл» ұранымен өткізіліп отыр. Акция 01 тамыз бен 30 қыркүйек аралығын қамтыды.

**Күн тәртібінің үшінші** мәселесі бойынша ДОЖО. Малигова М. сөз алды. Осы оқу жылында үйде оқытылатын оқушы бар екендігі анықталды. Ол: 4-сыныптың Есламбек Нурфатима Ерікқызы. Оқушының сынып жетекшісі мен пән мұғалімдері анықталып жоспарлары тексеріліп, бекітілгендігін айтты.
**Күн тәртібінің төртінші** мәселесі бойынша мектеп кітапханасының меңгерушісі Баетова Н.К. сөз алды. 2023-2024 оқу жылында 1-9 (қазақ) сыныптар бойынша 40 дана оқулықтар қабылдадық.

**Шешім:**
1. Оқу – тәрбие жұмыстары жаңа стандарт талаптарына сай әзірленсін және методикалық талапқа сай жүргізілсін, жауапкершілігі Малигова М. жүктелсін.
2. . «Мектепке жол » акциясының жұмыс жоспарға сәйкес жүргізіліп, одан ары жандандырылсын, жауапкершілігі Аюбекова Т.Т. міндеттелсін.
3. ҚР білім және ғылым министрлігігінің 2012 жылғы 08 қарашасындағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, осы бұйрықтың 53- қосымшасына сәйкес анықтамаларына сүйене отырып, 2023-24 оқу жылында денсаулығына байланысты аталған оқушыға үйде оқыту ұйымдастырылсын. Жауапкершілігі Жұмабек Т.Ж. жүктелсін.
4. 2023-2024 оқу жылында барлық сынып оқушылары толықтай оқулықпен қамтамасыз етілсін. Жауапкершілігі Кітапхана меңгерушісі Баетовва н.К. жүктелсін.

Төрайым: Е.Мұса

Хатшы: Баетова Н.К

«Ақмола облысы білім басқармасыныңЕсіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» КММ директор жанындағы кеңесінің

# №2ХАТТАМАСЫ

**Күні**: 06.09.2023ж.
**Қатысқандар: 10**
**Қатыспағандар: 0**

**Күн тәртібінде:**

1) Мектеп іс-қағаздарын жүргізуге қойылатын талаптар (Білім алушының жеке іс қағазы, Алфавиттік кітап Кеткен және келген білім алушыларды есепке алу кітабы)
2)БЖБ, ТЖБ, бақылау жұмысы, диктант, кестесін бекіту.
3) Оқушыларды ыстық тамақпен қамту жұмыстарының ұйымдастырылуы.
4) «Күнделік.кз» электрондық журналының уақытында толтырылуын бақылау, тексерісінің қорытындысы.
5) 3, 5 сыныпта қазақ тілі пәнінен жазба жұмыс дәптерлерінің жүргізілуін зерделеу
6)4 ші сынып оқушыларының әдебиеттік оқу пәнінен оқу дағдыларының қалыптастырылуын зерделеу

**Тыңдалды:**
**Күн тәртібінің бірінші** мәселесі бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Малигова М. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығында көрсетілген қатаң есептегі құжаттарды тексеру мектепішілік бақылау жоспары негізінде жүргізілгенін айтты.

- Білім алушының жеке іс қағазы
- Алфавиттік кітап

Кеткен және келген білім алушыларды есепке алу кітабы.Құжаттар тексеріліп, анықтама толтырылғанын айтты.
**Күн тәртібінің екінші** мәселесі бойыншадиректордың оқу ісі жөніндегі орынбасарыМалигова М. сөз алды. 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында мектептің оқу тәрбие, мектепішілік бақылау жоспары негізінде, мектепте сабақ беретін барлық пән мұғалімдердің бөлімдік және тоқсандық жиынтық бағалауды ұйымдастырып, өткізілді, пән мұғалімдерінің бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау бағаны стандарттауы, білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін бөлім бойынша жиынтық бағалау кестесі дұрыс ұйымдастырылды деп сөзін аяқтады.
**Күн тәртібінің үшінші** мәселесі бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Аюбекова Т.Т. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы айтты. Ол мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастыру қатаң түрде жүзеге асатындығы туралы айтты. Тамақтану кесте бойынша жүргізіледі. Асхананың жұмыс кестесі 9:00-ден 13:00 ге дейін. Бастауыш сыныптар 1-4 сыныптар асханаға сынып жетекшісімен келеді. 2023-2024 оқу жылы бойынша жалпы білім беру есебінен және жалға алушы есебінен оқушы тегін бір мезгілдік тамақпен қамтылды. Бұл әлеуметтік отбасы жағдайына байланысты аз қамтылған отбасылар мен жетім балаларға арналған көмек. Биылғы оқу жылының қыркүйек айынан бастап 1-4 сынып бойынша 15 оқушы арнайы, әлеуметтік осалды отбасынан 3 оқушы тегінтамақпен қамтылды, барлығы-18 оқушы ыстық тамақ ішеді деп сөзін аяқтады.
**Күн тәртібінің төртінші** мәселесі бойыншадиректордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Малигова М. Мектеп құжаттамасының жүргізілуін мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 2023 жылғы 5-13 қыркүйекте электронды журналдың уақытылы толтырылуы тексерілгенін айтты. «Күнделік.кз» электрондық журналының уақытында толтырылуын бақылау, тексерісінің қорытындысы туралы айтып өтті. «Күнделік.кз» электрондық журналдың толтырылуы бойынша тексеру жұмыстары жүргізілді. Тексеру барысында 100 пайыз мұғалім күнделіктерді уақтылы толтырып отырған.
**Күн тәртібінің бесінші** мәселесі бойыншадиректордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Маалигова М.3, 5 сыныпта қазақ тілі пәнінен жазба жұмыс дәптерлерінің жүргізілуін зерделеу барысында қазақ тілі пәні бойынша дәптер тексеру анықтамасы жазылғандығын айтты. Тексерудің мақсаты: - мұғалімнің дәптерді тексеру талабының орындалуы, дәптерге қойылатын бірыңғай талаптың орындалуы: көркем жазуы, тазалығы, дәптер жүргізу мәдениеті, дағдысы, үй жұмысы нормасының орындалуы, тексеру сапасы, өз бетімен жұмыс түрі, мазмұны, орфографиялық режимнің сақталуы, оқушы дәптерін тексеру сапасы: тексеру жиілігі, нашар үлгеретін оқушы жұмысының тексерілуі, бағаның дұрыс қойылуының сақталуы туралы айтып өтті.

**Күн тәртібінің алтыншы** мәселесі бойыншадиректордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Малигова М. 4 ші сынып оқушыларының әдебиеттік оқу пәнінен оқу дағдыларының қалыптастырылуын зерделеу мақсатында оқу техникасының тексерілгендігі туралы айтты. Оқу нормасы 70-75 сөз. Оқу жылдамдығының тексеру барысында нормадан жоғары оқитын оқушылар- 80 пайызды құрайды екендігі анықталды.

4 сынып -сапасы -80%. Үлгерімі жоғары -4 оқушы, үлгерімі орта 1-оқушы. Сыныпта барлығы -5 оқушы

**Шешім:**

1. «Алфавиттік кітаптың» дұрыс толтырылуы бақылансын. Басқа мектепке ауысқан оқушылардың іс-қағаздарын, олардың кетуі «Алфавиттік кітапта» тіркелгенге дейін беруге тыйым қойылсын.Жарты жыл сайын «Оқушылардың алфавиттік кітабындағы» жазулар тексеріліп тұрсын. Жауапкершілігі Баетова Н.К. жүктелсін.
2. ТЖБ, БЖБ жұмыстарының сауатты, әділ тексерілуі, кері байланыстың жазылуы уақытылы орындалсын. Жауапкершілігі Малигова М. жүктелсін.
3. Мектеп асханасында тамақтың сапасын бақылау , 1-4 сынып оқушыларының тамақтануының дұрыс ұйымдастырылуы Аюбекова Т.Т. жүктелінсін.
4. Электрондық журналдың сапалы толтырылуына байланысты әр пән мұғалімдермен түсініктеме жұмыстары жүргізіліп, кемшіліктер түзетілсін. Жауапкершілігі Малигова М. жүктелсін.
5. Жазба жұмыстарды талапқа сай орындалуын, каллиграфиямен жұмыс жүргізу, дәптерлерінің жағдайы нашар оқушылардың дәптерлерін ауыстыру, келесі жолы таза ұстауын қадағалау әдістемелік бірлестік жетекшісі алмағанбетова Г.Т. жүктелсін.
6. Жақсы оқитын оқушылармен жұмыс жалғастыру, қосымша әдеби кітаптар оқу, кітапхана сағаттарын ұйымдастыру, оқу жылдамдығы төмен оқушылардың ата-анасымен бірлесе отырып жұмыс жасау пән мұғалімдеріне және бірлестік жетекшісіне жүктелсін.

Төрайым: Мұса Е.

Хатшы: Баетова Н.К

«Ақмола облысы білім басқармасыныңЕсіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» КММ директор жанындағы кеңесінің

**№3 ХАТТАМАСЫ**

**Күні: 04.10.2022ж.**
**Қатысқандар: 10**
**Қатыспағандар: 0**
**Күн тәртібінде:**

1. Оқушылардың сабаққа қатысуы
2. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық қылмыс белгілерінің түрлерімен таныстыру
3. Үйден оқытылатын оқушыға сабақ беретін пән мұғалімінің жұмыстарын бақылау. Үйірме, вариативтік сағаттар мектеп талабына сәйкестігі
4. 2-5 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі
5. «Күнделік кз» электрондық журналының уақытында толтырылуын бақылау тексерісінің қорытындысы

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібінің біріншi**мәселесі бойынша директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарыМалигова М. сөз алды. Оқушылардың сабаққа қатысуы үнемі бақылауда. Сабақтан үнемі қалатын, кешігетін оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыстамыз. Қыркүйек-қазан айларында себепсіз сабақтан қалған оқушылар жоқ. Қалған оқушылардың денсаулығына байланысты анықтамасы бар екені ескерілді.
**Күн тәртібінің екінші** мәселесі бойынша Аюбекова Т.Т. сөз алды. Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі -балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүргенбалалар жатады.
**Күн тәртібінің үшінші** мәселесі бойыншаМалиговва М. сөз алды. Үйде сабақ беретін мұғалім баланың дамуы мен білім игеру сапасы жөнінде динамикалық бақылау күнделігін жүргізуі тиіс. Ол баланың іс-әрекеті оның психофизикалық және физикалық жай-күйіне байланысты болады. Күнделік тұрақты түрде кестеге сәйкес жүргізіледі. Бұл мұғалімнің кезекті жұмыс процестеріне: өтілген сабақтардың сапасы туралы жартыжылдық есеп беру құжатын, жылдық психологиялық-педагогикалық мінездемені, мониторингтік таблицаларды жасауға және т.б. қажетті материал болып табылады. Үйірме, вариативтік сағаттар туралы ескерілді, ммұғалімдерге жүктелді

Мектеп директорының орынбасары жеке кесте жасайды. Оны ата-аналармен және жүктемелері оқу жоспары бойынша бөлінген мұғалімдермен келіседі. Ата-аналармен келісілген кестені мектеп директоры бекітеді. Оқытудың ұсынылған бағдарламасына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспар жалпы тәртіп бойынша бекітіледі.

Мектеп әкімшілігі сабақтардың дер кезінде өткізілуіне, оқу бағдарламалары мен жеке оқыту әдістемелерінің орындалуына бақылау жасайды. Бұл мәселе жылына 2 рет (қазан, наурыз) мектепішілік бақылау кезінде, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша педагогикалық кеңесте қарастырылады. Жыл қорытындысы бойынша үйде тәлім алатын оқушыға арналып папка жасақталады.Қазіргі таңда үйде оқыту бойынша мектебімізде 1 мұғалім сабақ береді. Тексеру барысында мұғалімдердің күнтізбелік тақырыптық жоспары тексерілді. КТЖ талапқа сай және электронды күнделіктегі күнтізбедегі тақырыппен, үй жұмысымен бірдей.

**Күн тәртібінің төртінші** мәселесі бойыншаДиректордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:МалиговаМ.сөз алды. Оқушылардың білім сапасын, сынып ұжымының қалыптасу деңгейін, білім алудың екінші сатысындағы балалардың бейімдеу деңгейін бақылау мақсатымен жоспарға сәйкес 16-20 қазан арасында 5- сыныптарда сыныптық-қорытынды бақылау жүргізілді. Бақылау барысында 5- сыныптардағы қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі,математика пәндері бойынша 4- сыныптағы білім сапасы мен бөлім бойынша білім сапасына маниторинг жасалды, сабақтарға қатысып пән мұғалімдерінің кәсіби біліктілігі мен оқушылардың білім-білік дағдыларына талдау жасалды.

**Күн тәртібіндегі** Мектеп бойынша қыркүйек айында электронды журнал белсенділігі ай басында төмендеу болғанымен ай соңында жоғарлаған. Қазан айының көрсеткіші бойынша журнал толтыру белсенділігі жоғары деңгейді көрсетеді. Бұған себеп, электронды журнал бойынша тақырыптың толтырылуы, үй тапсырмасының берілуі, бағалаудың уақытында қойылуы бойынша 100%көрсеткіш көрсеткенмен, журнал толтыру сапасы жағынан төмендеген. II тоқсан бойынша әр пән мұғалімі күнтізбелік-тақырыптық жоспарды толтырып. Жариялау әрекетін орындау керектігін ескертті, әдістемелік тарапынан бақылау жасалыну керектігін айтып өтті

**Шешім:**

1.Сынып жетекшілер тарапынан оқушылар үнемі бақылауда болсын.

2. Құқықбұзушылыққа бейім жасөспірім оқушылармен мектеп психлогтары жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жасасын

3. Үйден оқытылытын оқушылардың сабағы әкімшілік тарапынан үнемі бақылауда болсын

4. 1-5- сыныптардың бейімделуін бақылау қанағаттанарлық деп танылсын.

5. «Күнделік кз» электрондық журналы үнемі тексерілсін

Төрайым: Мұса Е

Хатшы: Баетова Н.К

**Күн тәртібінің төртінші** мәселесі бойыншаДиректордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:МалиговаМ.сөз алды. Оқушылардың білім сапасын, сынып ұжымының калыптасу деңгейін, білім алудың екінші сатысындағы балалардың бейімдеу деңгейін бақылау мақсатымен жоспарға сәйкес 16-20 казан арасында 5- сыныптарда сыныптық-корытынды бақылау жүргізілді. Бақылау барысында 5- сыныптардағы казак тілі, орыс тілі, ағылшын тілі,математика пәндері бойынша 4- сыныптағы білім сапасы мен бөлім бойынша білім сапасына маниторинг жасалды, сабақтарға қатысып пән мұғалімдерінің кәсіби біліктілігі мен оқушылардың білім-білік дағдыларына талдау жасалды.

**Күн тәртібіндегі** Мектеп бойынша қыркүйек айында электронды журнал белсенділігі ай басында төмендеу болғанымен ай соңында жоғарлаған. Қазан айының көрсеткіші бойынша журнал толтыру белсенділігі жоғары деңгейді көрсетеді. Бұған себеп, электронды журнал бойынша тақырыптың толтырылуы, үй тапсырмасының берілуі, бағалаудың уақытында койылуы бойынша 100%көрсеткіш көрсеткенмен, журнал толтыру сапасы жағынан төмендеген. II токсан бойынша әр пән мұғалімі күнтізбелік-тақырыптық жоспарды толтырып. Жариялау әрекетін орындау керектігін ескертті, әдістемелік тарапынан бақылау жасалыну керектігін айтып өтті

**Шешім:**

1.Сынып жетекшілер тарапынан оқушылар үнемі бақылауда болсын.

2. Құқықбұзушылыкка бейім жасөспірім оқушылармен мектеп психлогтары жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жасасын

3. Үйден оқытылытын оқушылардың сабағы әкімшілік тарапынан үнемі бақылауда болсын

4. 1-5- сыныптардың бейімделуін бақылау канағаттанарлық деп танылсын.

5. «Күнделік кз» электрондық журналы үнемі тексерілсін

Төрайым: Мұса Е

Хатшы: Баетова Н.К

**Акмола облысы білім басқармасыныңЕсіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» КММ директор жанындағы кеңесінің**

**№5 ХАТТАМАСЫ**

**Күні**: 06.12.2022ж.
**Қатысқандар: 10**
**Қатыспағандар: 0**
**Күн тәртібінде:**

1. 2-4 сыныптардағы қаазақ тілі мен әдебиет пәндерінің берілуі жағдайы
2. 5-9 сыныптардағы қаазақ тілі мен әдебиет пәндерінің берілуі жағдайы
3. Күнделік кз.электрондық журналдағы бааға қоры

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібінің бірінші** мәселесі бойыншадиректордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Малигова М. сөз алды.2023-2024 оқу жылында 2-4 сыныптардың және 5-9 сыныптардың қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің берілуіне әдіс-тәсілдер енгізуді, жоспарды заманауи, қызықты құруға мұғалімдерді шақырды. Әріптестер өз ойын білдіріп, іс-тәжірибесімен бөлісетіні туралы айтылды. Әр апта сайын білім жетістігінің мониторингісі жүргізіледі.

**Шешім:**

1.Оқушылардың білім жетістігінің мониторингісін жүргізу, бақылау, әдіс-тәсілдермен бөлісу ммұғалімдер меен әдістеме бірллестік жетекшілеріне жүкктелсін.

Төрайым: Мұса Е.

Хатшы: Баетова Н.К

**Акмола облысы білім басқармасыныңЕсіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» КММ директор жанындағы кеңесінің**

**№6 ХАТТАМАСЫ**

**Күні:** 10.01.2024 ж.
**Қатысқандар: 10**
**Қатыспағандар: 0**

**Күн тәртібінде:**

1. «Күнделік кз» электрондық журналының уақытында тотырылуын бақылау тексерісінің қорытындысы
2. 9 сыныптағы физика, химия, биология пәндерінің жүргізілуінің қорытындысы
3. Тәлімгер мен жас маманның есебі
4. Мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру және тестілеуін талдау

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібінің бірінші** мәселесі бойыншадиректордың оқу жөніндегі орынбасары Малигова М.сөз сөйледі. Күнделікк кз журналының уақтылы толуы жақсы жүргізілген. Қателер болмағаны анықталды.

**Күн тәртібінің екінші** мәселесі бойыншапәндердің жүргізілуі туралы ескертпе мен ұсыныстар айтылды.

**Күн тәртібінің** үшінші мәселесі бойыншаТәлімгер мен жас маман Амантай Қ.Қ. сөз алды.
Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша 9 сынып оқушыларының қатысуымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түсіндіру барысында оқушылардың жауапкершілігі жақсы екені, табандылығы байқалды.

**Шешім:**

1. «Күнделік кз» электрондық журналының уақытында тотырылуы орындалсын
2. 9 сыныптағы физика, химия, биология пәндерінің өөөттіілііу саапасын әлі де жақсартылсын.
3. Мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстары нығайтылсын

Төрайым: Мұса Е.
Хатшы: Баетова Н.К

**Акмола облысы білім баскармасыныңЕсіл ауданы бойынша білім бөлімі Құмай ауылының негізгі орта мектебі» КММ директор жанындағы кеңесінің**

**№7 ХАТТАМАСЫ**

**Күні:** 01.02.2024ж.
**Қатысқандар: 10**
**Қатыспағандар: 0**
**Күн тәртібінде:**

1. Оқушылардың сабаққа қатысуын зерделеу
2. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын бақылау
3. 7 сыныбының сыныптық-жалпылама бақылауы
4. «Күнделік KZ» электрондық журналдың толтырылуын зерделеу

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойыншa**директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Аюбеккова Т.Т сөз алды. Мектептен себепсіз қалған оқушы жоқ.

**Күн тәртібінің екінші мәселесі бойыншa**директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Аюбеккова Т.Т сөз алды.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде жалпы білім алушылар саны- **44.**

Оның ішінде 15бастауыш сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр. Әлеуметтік- тұрмыстық жағдайы төмен , мемлекет тарапынан атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасындағы 3 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр.

Қазіргі таңда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 3 желтоқсандағы №717 бұйрығымен бекітіліп, 2017 жылғы 22 ақпандағы №76 бұйрығымен өзгерістер енгізілген «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларына» сай жүргізілуде.

Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында тамақтанады.

Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сынып оқушыларын сынып жетекшілері асханаға алып барады және тамақтану кезіндегі оқушылардың тәртібін қадағалайды.

**Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойыншa**директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Малигова М. сөз алды. 7 сыныптарының сыныптық -жалпылама бақылау қорытындысы бойынша №205 ЖББ мектептің 2023 жылдың 23 қаңтардағы № 13/1 бұйрыққа сәйкес 2023 ж23**.01 - 03.02.** аралығында 7 сынып оқушыларының орта буындағы оқу жағдайларына бейімдеуде оқушылардың жеке ерекшеліктері мен жеке қасиеттерін есепке алу, пән мұғалімдері тарапынан оқушыларға қойылатын талаптардың бірлігі, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу,білім сапасын бақылау мақсатында сыныптық -жалпылама бақылау жүргізілді.

**Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойыншa**директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Малигова М. сөз алды. 01.02.24ж және 29.02.24ж аралығы бойынша **kundelik.kz** электронды ақпараттық журналының толтыруы бойынша тоқталып өтті. Мектеп бойынша ақпан айында электронды журнал белсенділігі ай басында төмен болғанымен ай соңында жоғарлаған. Ақпан айының көрсеткіші бойынша журнал толтыру белсенділігі жоғары деңгейді көрсетеді, **kundelik.kz** сайттың ең белсенді мектептері қатарында алдыңғы орынды алып отырмыз. Пән мұғалімдері күнтізбелік тақырыптық жоспарды толтырғанымен жариялау әрекетін орындалмаған. Осыған орай,II тоқсан бойынша әр пән мұғалімі күнтізбелік-тақырыптық жоспарды толтырып. Жариялау әрекетін орындау керектігін ескертті ӘБмеңгерушілері тарапынан бақылау жасалыну керектігін айтып өтті.

**Шешім:**

1. Сынып жетекшілер тарапынан оқушылардың сабақтан қалмауы үнемі бақылауда болсын.
2. Асхананы тексеру  мақсатында табылған кемшіліктер жойылып,  бақылауға алынсын.

**Пән мұғалімдеріне:**

- сабақта оқушылардың білімін, іскерлігі мен дағдыларын тексерудің заманауи тәсілдерін , оқушылардың шығармашылық жұмыстарын бағалаудың критериалды тәсілін қолдану, өзіндік жұмысты ұйымдастыруға көбірек көңіл бөлу;
- коммуникативтік дағдылары нашар қалыптасқан оқушыларды ерекше бақылауға алу, жеке тапсырмалар жүйесін әзірлеу;
- дәптерлерді сапалы және үнемі тексеріп отырсын;

3. **kundelik.kz**электрондық журналдың сапалы толтырылуына байланысты әр пән мұғалімдермен түсініктеме жұмыстары жүргізіліп, кемшіліктер түзетілсін.

Төрайым: Мұса Е.

Хатшы: Баетова Н.К